

«БЕКІТЕМІН»

Халықаралық Тараз инновациялық институтының ректоры, Э.Ғ.Д.

М.Баяндин

2022ж.



**Ш.МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ИНСТИТУТЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ «СТУДЕНТТЕР ҮЙНЕ»
ОРНАЛАСУ ЖӘНЕ ШЫҒУ ТӘРТІБІ**

Тараз-2022

**Ш.МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ИНСТИТУТЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ «СТУДЕНТТЕР ҮЙІНЕ»
ОРНАЛАСУ ЖӘНЕ ШЫҒУ ТӘРТІБІ**

1. Жалпы ережелер

1.1 Студенттер үйіндегі орындар жазғы демалыс (каникул) кезеңін қоспағанда, бүкіл оқу кезеңінде тұруға бөлінеді.

1.2 Жазғы демалыс уақытында институт басшылығының рұқсатымен студенттердің белгілі бір санаттарына («Жасыл Ел» отрядтарының мүшелері және т.б.) жеке келісілген шарттарда Студенттер үйінде тұруға рұқсат етіледі.

1.3 Студенттер үйінде тұру төлемақысы заңнамада көрсетілген тәртіппен белгіленеді.

2. Орналасу тәртібі

2.1 Студенттер үйіне мұқтаж білім алушы Комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

- белгіленген үлгідегі өтініш (1-қосымшаны қараңыз)
- Студенттер үйіне бірінші кезекте орналасу құқығын растайтын құжаттар (2-қосымшаны қараңыз)

2.2 Студенттерді орналастыру туралы шешімді тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор басқаратын «Студенттер үйінен орын бөлу жөніндегі комиссия» қабылдайды. Комиссиялардың құрамына міндетті түрде студенттік активтің мүшелері енгізіледі.

2.3 Студенттер үйіне орналасудың бірінші кезектегі құқығын мемлекеттік білім беру гранты бойынша Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ-дың 1 курсына түскен төмендегі санаттағы білім алушылары пайдаланады:

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- мүгедек балалар мен даму мүмкіндіктері шектеулі балалар;
- «Алтын белгі» иегерлері;
- шетел азаматтары қатарындағы студенттер;
- толық емес көпбалалы отбасылардан шыққан балалар, көпбалалы жалғызбасты аналар отбасылары;
- ата-аналары мүгедек көп балалы отбасылардан шыққан балалар;
- ҚР ҒЖБМ бекіткен Халықаралық және республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары, Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ өткізген пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары, спорттық іс-шаралар мен шығармашылық конкурстардың жеңімпаздары болып табылатын студенттер;
- көп балалы отбасылардан шыққан балалар (кәмелетке толмағандар саны көп отбасылар басым құқыққа ие);
- толық емес отбасылардан шыққан балалар;
- қандастар.

2.4 Ақылы негізде оқитын жетім балалар қатарындағы студенттер де бірінші кезектегі құқыққа ие.

2.5 Комиссия өз шешімінің негізінде институт ректорына Студенттер үйіне қабылданатын студенттердің тізімін бекітуге ұсынады.

2.6 Ректордың бұйрығына сәйкес студенттер бір оқу жылы мерзіміне Студенттер үйіне қабылданып, қоныстандырылады.

2.7 Студент 3 күн ішінде Студенттер үйіне орналасуға немесе кешіккен жағдайда әкімшілікке қоныстану мерзімін ұзартудың дәлелді себептері туралы хабарлауға міндетті.

2.8 Оқу жылының соңында комиссия шешімінің негізінде институттың қоғамдық және мәдени өміріне белсенді қатысатын үлгерімі жоғары (өте жақсы және жақсы) студенттер Студенттер үйінде тұруын ұзартуға құқылы.

2.9 Ақылы негізде оқитын қаладан тыс өңірлерден келген студенттерге бос орындар болған жағдайда Студенттер үйінен жалпы талаптар негізінде орындар беріледі.

2.10 Оқу жылының басында Студенттер үйінен орын ала алмаған студенттер оқу жылы барысында босаған орындарға ие бола алады.

3. Студенттерді Студенттер үйінен шығару тәртібі

3.1 Студенттер Студенттер үйінен мынадай жағдайларда шығарылады:

- институттан шығару кезінде;
- ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін;
- оқу процесінің регламентін бұзғаны үшін;
- академиялық үлгерімсіздігі үшін;
- Ш. Мұртазы атындағы ХТИИ студенттерінің Ар-намыс кодексін бұзғаны үшін;
- ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін;
- академиялық демалысты рәсімдеу кезінде;
- Студенттер үйінде үнемі болмағаны үшін.

3.2 Студенттер үйінен шығару студенттер үйі директорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

Қосымша 1

(шешім)

(қолы)

« _____ » _____ 20 _____ ж.

Шерхан Мұртаза атындағы
Халықаралық Тараз инновациялық
институтының ректоры,
э.ғ.д., М.Баяндинге
_____ курс, _____ тобы
_____ факультетінің студенті
_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

Өтініш

Маған _____

байланысты Студенттер үйінен бір орын бөлуіңізді сұраймын. Студенттер үйінің ішкі тәртіп ережесімен танысып, орындауға міндеттенемін. Қажетті құжаттар тіркелді.

« _____ » _____ 20 _____ ж.

_____ (қолы)

Келісілді:

«Студенттер үйінің» директоры

_____ (қолы)

_____ (Т.А.Ә.)

« _____ » _____ 20 _____ ж.

Келісілді:

«Студенттер үйінен» орын бөлу жөніндегі комиссия төрайымы, тәрбие және әлеуметік жұмыстар жөніндегі проректор _____

_____ (қолы)

_____ (Т.А.Ә.)

« _____ » _____ 20 _____ ж.

Студенттер үйіне орналасуға арналған құжаттар тізбесі

1. Белгіленген үлгідегі өтініш
2. Жеке куәліктің көшірмесі
3. Отбасы құрамы туралы анықтама
4. Оқитынын растайтындығы туралы факультет деканының қолы қойылған анықтама
5. Студенттер үйінде тұру үшін ақы төлеу туралы түбіртек
6. Фотосурет 3x4 – 4 дана